

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: қыркүйек 2023 жыл

Барлық педагогтар саны: 19

Қатысқан педагогтар саны: 2

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту
Әдіскер: Бексейитова А.Е
2. Заттық дамыту орталықтарын орналастыру және тиімді ұйымдастыру.
Әдіскер: Правденкова Н.В

1. Тыңдалды : Әдіскер Бексейитова А.Е 2023-2024 оқу жылының МДҰ Нұсхау хатын негізге ала отырып, Жас кезеңдері және жас топтары (балалардың жасы – оқу жылының

басындағы толық жасы) мынадай деді:

2) мектепке дейінгі жас – 3-6 жас:

орта жас – 3 жастан бастап (ортаңғы топ);

ересек жас – 4 жастан бастап (ересек топ).

Балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі:

- ортаңғы топта (3 жастан бастап) - ұзақтығы 15-20 минут (11 сағатты);

- ересек топта (4 жастан бастап) - ұзақтығы 20-25 минут (12 сағатты)

құрайды.

Балаларды оқыту орыс тілінде жүргізілетін Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес апталық оқу жүктемесінің көлемі мынадай:

- ортаңғы топта (3 жастан бастап) - ұзақтығы 15-20 минут (11,5 сағат);

- ересек топта (4 жастан бастап) - ұзақтығы 20-25 минут (12,5 сағат).

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Балалардың жас және жеке

ерекшеліктері, қызығушылықтары және мектепке дейінгі ұйым қызметінің

бағыты, штаттық кестеге сәйкес кабинеттердің және мамандардың болуы

ескеріледі деді.

Тәрбиелеу мен оқыту топтарда компоненттің апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі:

ортаңғы топ балалары үшін – 0,5 сағатты;
ересек топ балалары үшін – 1,5 сағатты құрайды.

14

Тәрбиелеу мен оқыту қазақ тілінде жүргізілетін топтарда апталық оқу жүктемесінің жалпы көлемі мынадай:
ортаңғы топ балалары үшін – 1 сағатты;
ересек топ балалары үшін – 2 сағатты құрайтынын айтып өтті.

2. ТЫҢДАЛДЫ: Әдіскер: Правденкова Н.В «Заттық-кеңістіктік дамытушы орта» балабақша үшін маңызды мәселе болғандықтан биылғы жылғы нұсқау хатта да басым көрсетілгені айтылды. Онда баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өз бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал ететін жабдықтар мен басқа да жарактарды пайдаланады. Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға, қызығушылықтарымен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмтылады.

Дамытушы ортамыналарды қамтамасыз етеді:

- Үлгілік бағдарламаның міндеттерініске асыруды;
- инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда — оған қажетті жағдайлар жасауды;
- білім беру әрекеті жүзеге асырылатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді;
- балалардың жас ерекшеліктеріне ескеруді қамтамасыз етуі тиіс.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар көрсетілді. Олар: қауіпсіз; қолжетімді; әртүрлі; мазмұнды; көп патқарымды; өзгермелі; тартымды.

Жас топтары бойынша заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын талаптардың сақталуы керектігі ескерілді.

ерте жас тобында және кіші топта:

танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтар.

1) ортаңғы топта:

дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдармен ойыншықтар, театрландырылған ойынға

арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер.

2) ересек және мектеп алды даярлық топтарында

дамытушы модульдер, күрделі пазлдар, құрастырылатын ойыншықтар, сауат ашу, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, баспа әріптері, сөздер, кестелер, үлкен шрифті бар кітаптар,

боямақтар, сандары бар оқулықтар, сандары мен әріптері бар үстел үсті ойындары, ребустар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі, әртүрлі елдердің адамдарының өмірі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттермен карточкалар.

Сонымен қатар, көптеген импровизациялауға ыңғайлы материалдардың болуы маңызды (арқан, қорап, сым, доңғалақтар, ленталар және т.б.). Олар ойын барысында балалардың әртүрлі креативті идеяларын іске асыруда, шығармашылық шешім қабылдауында қолданылатын болады.

Сондай-ақ, балаларға ойын барысында бастама танытуға, өз қызығушылықтарына сәйкес әрекеттерді таңдауға мүмкіндік беру үшін педагогтерге дамытушы ортаны жеткілікті және әртүрлі материалдармен байыту ұсынылды.


Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық заттық-кеңістіктік ортаны ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес зоналар бойынша жарақтандыру ұсынылды.

ШЕШІМ:


1. 2023-2024 жж Нұсхау хатты негізге ала отырып, Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту жүзеге асырылсын.

2. Жас топтары бойынша заттық-кеңістік дамытушы орта жабдықталып, жұмысы жандандырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: Бексейитова А.Е



Хатшы: Дуйсалиева Н



ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №2

Өткізілген уақыты: Желтоқсан 2023жыл

Барлық педагогтар саны: 19

Қатысқан педагогтар саны: 1

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектепке дейінгі балалардың дамуында сюжеттік-ролдік ойындардың маңызы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Сюжетті-ролдік ойынның міндеті баланың қызығушылығын туғызып, сезімін оятып, рухани- адамгершілік қасиеттерін арттыру болып табылатынын айта келе, психолог Д.Б.Элькониннің сюжеттік-ойындарға берген анықтамасын айтты. Ол: «Рөлдік немесе мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылық ойыны дамыған түрде балалар өздеріне үлкендердің рөлін алатын және жалпы түрде арнайы жасалған ойын жағдайында үлкендердің әрекетін және олардың арасындағы қарым-қатынасты қайталау әрекеті» - деген екен. Шынында да, сюжеттік рөлдік ойындардың көзі - балаларды қоршаған әлемдегі заттар, адамдар, табиғат, өздері мен үлкендердің өмірі мен әрекеттері. Ол мектеп жасына дейінгі бала үшін ең қызық ойын, ойында бала іштей еркіндіктің сезімін, өзіне бағынышты заттарды, амалдарды, қатынастарды басынан өткізеді.

Сюжеттік рөлдік ойындардың негізгі мазмұны: үлкендердің әр түрлі жағдайда көрініс беретін қоғамдық өмірі. Қазіргі заманның психологиялық –педогогикалық зерттеулерде сюжетті ойын - адамның кез келген іс-әрекеті сияқты - балада өз бетімен пайда болмайды, оны меңгерген, «ойнай алатын» өзге адамдар арқылы қалыптасатыны туралы көрсетілген. Сюжетті ойын тақырыбынан тыс өзінің ең қарапайым түрінде заттармен шартты әрекеттер тізбегі ретінде құрылуы мүмкін, күрделі түрінде - әр түрлі оқиғалардың бірізділігі ретінде құрылуы мүмкін. Көптеген зерттеулер негізінде 3-5 жастағы бала ойнайтын рөлдеріне еніп, оларды біртіндеп алмастыра білу керек екендігі, заттармен әрекет ету және рөлі бойынша сөйлеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс, құрдас-серіктеспен рөлдік қарым-қатынас құру тиіс екендігін көрсетті. Тәрбиеші балаларға көбінесе сюжетті – рөлді ойындарды ойнатқаны дұрыс. Себебі балалар ойын барысында өздеріне берілген рөлді аса жауапкершілікпен қабылдап, өздерін бір уақыт ересектер санатын қосып, ойлау қабілеттері дамиды.

ШЕШІМ:

1. Балабақшаның режимдік сәтінде орын алатын сюжеттік-ролдік ойындардың жұмысы жандандырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Бексейитова А.Е. *Бексейитова*

Хатшы: Дуйсалиева Н. *Дуйсалиева*

ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №3

Өткізілген уақыты: Ақпан 2024 жыл

Барлық педагогтар саны: 20

Қатысқан педагогтар саны: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектепке дейінгі ұйым мен педагогіне қойылатын талаптар.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі. Әдіскер: Каменова А.М

ТЫҢДАЛДЫ:

1 мәселе бойынша әдіскер : Бексейитова А.Е Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында педагог мамандығының мәртебесін арттыру негізгі бағыттардың бірі болып табылады. Бұл бағыт Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде (бұдан әрі - Модель) белгіленген. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың жаңа моделіндегі педагогтер өз ұйымдарындағы өзгерістердің агенттері болуға тиіс. Ол үшін білім беру процесін ұйымдастырушыдан баланы дамыту мен оқыту процесінің Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогі Модельдің 44, 52 т.18 фасилитаторы рөліне өз рөлін өзгерту қажеттілігі талап етіледі. Педагогтер үнемі оқып, зерттеу жүргізіп, балалардың даму процесін бақылап және күнделікті жұмысына рефлексия жасай отырып, өздерін балалар рөлінде, сондай – ақ педагогтер ретінде көруі тиіс. Педагогтің үнемі даму, балаларды тыңдай білу, сұрақтар қою, дәлелдер іздеу, оларды сыни тұрғыдан талдау және шығармашылық эксперименттер жүргізу қабілеті маңызды. Педагог ұйымдастырылған оқу қызметі мен режимдік сәттердің білім беру міндеттерін айқындауда тәсілдерді өзгертуі қажет: балаларға үйрету емес, дербес шешім қабылдау үшін жағдай жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, салыстыруға және осы әрекеттерді бағдарлауға мүмкіндік беру ұсынылады. Педагогтер үнемі өзін-өзі бағалау процесінде инновацияшыл және жауапты бола алады, сонымен қатар белгіленген құжаттаманы уақтылы және ұқыпты жүргізеді. Балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде мектепке дейінгі ұйымның әрбір қызметкерінің рөлі маңызды, сондықтан ұйымның әр қызметкері қажетті біліктілік деңгейіне ие болуы тиіс деді. Мектепке дейінгі білім беру саласының педагогтері мен басқа да қызметкерлері жұмысының негізгі қағидалары Атап өтті:

оқытудың кіріктірілген тәсілі;

- баланы толыққанды дамыту;
- ойын арқылы оқытуға баланы тарту;
- балаларға өз білімін құрастырушы ретінде қарым-қатынас жасау;
- маңызды өзара әрекет арқылы шынайы оқыту;
- инклюзивті білім беру кеңістігін құру;
- баланың жеке басын құрметтеу;
- баланы дамыту мақсатында күтім жасау.

Педагогтің құзыреттілігі:

- баланы дамыту мен оқытуды терең түсіну;
- баланың көзқарасын түсіну және қабылдай білуі;
- баланы мақтай білу, тыныштандыру, сұрақтар қоя білу және балаларды жақсы көру;
- көшбасшылық дағдылары, мәселелерді шешу және сабақтың жоспарларын әзірлеу;
- сөздік қордың байлығы және балалардың ой-пікірін айту мүмкіндігі;
- өз тәжірибесіне үнемі рефлексия жасай білу және оны жетілдіру;
- эмоционалды интеллекттің жоғары деңгей екендігін айтып өтті.

2. Екінші мәселе бойынша әдіскер: Каменова А.М Президентіміз Қасым Жомарт Тоқаев биылғы жылы патриоттық тәрбие мәртебесін көтеруді қолға алып отыр. Сондықтан, біз

«Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу» биылғы оқу жылында негізгі міндеттің бірі ретінде алып отырғанымызды айтылды. Біз балаларды Отансүйгіштікке тәрбиелеу арқылы Отанына деген сүйіспеншілік сезімін оятып, оған адал қызмет жасауға, оны қорғауға баулу; туған ел тарихы және өз халқы мен басқа да ұлыстардың мәдени мұрасын, салттары мен дәстүрлерін қастерлеу қатынасын қалыптастырамыз.

Сонымен қатар, жан - жақты дамыған, өз елінің патриоты болатын азаматты қалыптастыру мектепке дейінгі жастан басталатынын, осы жаста қалыптасқан еңбексүйгіштік, қайырымдылық, адамгершілік сияқты т.б. сезімдер рухани - патриоттық тәрбиенің негізін қалайтынын айтты. Баланың жеке тұлға болып дамуына негіз болатын

азаматтық патриоттық тәрбие беру – балабақша жұмысының негізгі бағыттарының бірі деп айтуға болады. Ол үшін біз балалармен күнделікті төмендегідей әр түрлі іс-әрекеттерді өткізіп отыруымыз қажет, мысалы:

- отанды қорғауға бағытталаған ойындар;
- тақырыптық ертеңгіліктер;
- видеослайдтар қарау;
- баланың тілінің дамуын белсендіретін әңгімелер;
- бейнелеу, музыка әрекеттерінде (марштық композициялар, сапқа тұру, балалардың музыка мен қозғалыс ырғағын бере білу дағдылары т.б.).

ШЕШІМІ:

1. Педагог құзыреттілігі мен қағидаттарын негізге ала отырып, жұмыс жүргізілсін.
2. Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру жандандырылсын.

Әдістеселік кеңес төрайымы: Бексейитова А.Е. *Бексейитова*

Хатшы: Ибрагимова Б. *Ибрагимова*

Әдістемелік кеңес отырысы
Хаттама №4

Қатысқаны:20
Қатыспағаны:0

Мерзімі: Мамыр 2024

Күн тәртібінде:

- 1 Қоршаған ортамен танысу , экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы
- 2 Өткізілген ашық оқу қызметінің қорытындысы

Әдіскер:Каменова
А.М

1.Тыңдалды: Балабақша әдіскері-Каменова А.М

Табиғатқа деген сыйды жоғалту адамзаттың адамгершілік құндылықтарын жоғалтуға әкеліп соқтырады. Қазіргі уақыттағы әлемдегі экологиялық жағдай адам көзқарасының өзгеруін талап етеді. Өсіп келе жатқан ұрпақта жаңа экологиялық сезім қарастырылуы керек деп санаймын. Экологиялық тәрбие жұмысын жүргізу, оқытудың негізгі формалары бақылау, қызықтау, серуен болып табылады. Тәрбиешінің табиғи нысандары мен табиғат құбылыстарын бақылауды ұйымдастыруы, балаларды табиғатпен таныстырудың негізгі мәселесі болып есептеледі. Қызықтау кезінде балаларды таза ауада , көз тартар әдемі гүлдер мен ағаштар арасында болуы көтеріңкі көңіл – күймен қатар табиғат сұлулығын сезіне білуіне зор әсер ететіні анық. Ал серуен кезінде, тәрбиеші балаларды табиғатпен таныстырып, өсімдіктерге су құю, құрғақ жапырақтарды бірге жинау, ағаш түптерін тазалау т.б. сияқты қарапайым еңбек түрлеріне қатыстырады. Мұндай еңбек түрлерін орындау, балалардың еңбекке деген жауапкершілік сезімдерін дамытып, ынтасын арттырады. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу басшылыққа алынады. Балаларға мазмұнда көрсетілгендей өлі және тірітабиғатпен одан әрі таныстырып, табиғат құбылыстары жайында бастапқы жалпылама ұйымдарды нақты түрде меңгеру ұсынылады. Қорытындылай келе мектеп жасына дейінгі балаларға өз табиғатымызды сақтап, оның әсемдігімен таныстыра отыра, өзіміздің өмір сүруімізге зор әсер ететіндігін, табиғат пен адамдар тығыз байланыста екендігін, бір – бірінсіз тіршілік болмайтынын түсіндіре отыра қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын арттыруға, қамқор болып, қорғауға тәрбиелеуіміз керек. Сонда ғана табиғатымыздың ауасы таза, берер құдіреті көп болмақ деген ойдамын деп баланың эстетикалық талғамының, табиғатқа деген әсем сезімнің қалыптасуының маңызын түсіндіріп өтті.

2. Тыңдалды: Директор м.а Бексейитова А.Е сөз алып, өтілген іс-әрекеттердің жақсы өтілгендігін балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай жас мамандардың мұқият қатысып, ой түргіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар өткізілген іс-шараларда көрнекіліктердің өте керемет екендігін , балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балалардың қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.

2.Тыңдалды: Ағымдағы мәселелер.

Сөйледі: Әдіскер Каменова А.М алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті. Әр айда ата-аналарға жыл мезгіліне байланысты берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілініп, мәліметтер берілуін және алдағы айында жоспарланған ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің уақытылы өтілуін, оған барлық педагог-тәрбиешілер қатысып, өзара ұйымдастырылған іс әрекетіне қатысып отыруларын айтты. Балаларға жол ережесін үйрету, балалармен өтетін спорттық сайысына тыңғылықты дайындалуларын, балабақша мен мектеп сабақтастығы, ересек топ балаларының мектеп кітапханасына саяхатқа баруы, оны дұрыс ұйымдастыру туралы айтып, әрбір өткізген шараларының есебін уақытылы тапсырып отыруларын айтты.

Шешім: 1. Экологиялық тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тәрбиенің негізгі салалары болып табылатын адамгершілік, эстетикалық еңбек, имандылық тәрбиелерімен сабақтаса жүргізу қолға алынсын.

2. Жас мамандар ашық іс шараларға қатысуы тәлімгерлерге жүктелсін.

3. Әр айында ата-аналарға берілетін кеңестер ата-аналар бұрышына уақытылы ілінсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшы:

Бексейитова А.Е

Ибрагимова Б